

«8D02206 – Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша – Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Шашаева Малика Ауезханқызының «XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы» деп аталатын диссертациясына Отандық ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

«XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы» деп аталатын Шашаева Малика Ауезханқызының диссертациялық жұмысында Кеңестік кезеңдегі орын алған түбегейлі өзгерістер (трансформация) барысындағы қазақ әйелдерінің тағдыры тарихи деректер арқылы баяндалған.

Бұрынғы ескі режимнің талқандалып, оның орнына бұрын-соңды әлемде болмаған мүлдем жаңа қоғам құру орасан зор материалдық және адами шығындарға әкелгені ақиқат. Яғни, адам өмірінің, соның ішінде әйелдер мен балалардың өмірінің құнсыздану шегіне жетіп, саяси ұрандар мен жаңа қоғам құру шығынсыз болмайды деген идеологияның құрбандығына шалынды. Бұған қоғамда жүріп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуларды(модернизация) қосатын болсаңыз, оның қаншалықты ауыртпалықтармен өткенін айта аламыз. Міне осы кезеңдегі тарихи оқиғалар тізбегіндегі нәзік жанды әйелдер тағдыры диссертанттың зерттеу жұмысында нақты архив құжаттары мәліметтері арқылы талдауға алынған.

Малика Ауезханқызының диссертациялық жұмысында тақырыптың мазмұндық жүктемесіне сәйкес ең алдымен зерттеудің дұрыс бағытын айқындап алу үшін оның теориялық-методологиялық концепциясы өз шешімін тапқан. Өзіне дейінгі бұл тақырыптың зерттелу тарихнамасына талдау жасау арқылы, зерттеу жұмысының қаншалықты өзекті болатынын анықтаған. Сонымен қатар, тарихи еңбек үшін аса маңызды болып табылатын архив қорларындағы сан-түрлі деректік құжаттармен жұмыс істей алатын қабілетін көрсете алған.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері айқындалып, тақырыптың өзектілігі негізделген. Зерттеу пәні, оның хронологиялық мерзімі, қолданылатын әдіс-тәсілдері мен басты жаңалықтары айқындалған.

Кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы көрсеткіші ретінде оның қоғамдағы әйелдің жағдайына қаншалықты әсер ете алғанымен өлшенетін. Бұл әсіресе Қазақстанда ерекше мәнге ие болды, өйткені бұл жерде әйелді ерекше-бағыныштылықта ұстаудың ескі дәстүрі мен оны азат етудің жаңа жолы саясаты арасындағы қақтығыстың өршуінен көрініс тапты.

Диссертант XX ғасырдың 20-30 жж. Кеңестік Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қазақ әйелдері тағдырына қаншалықты әсер еткенін архив деректері арқылы талдай алған. Сол кезеңдегі қоғамның айнасы болған және айналасына бүкіл қазақ зиялылары топтасқан газетпен журналдардағы

қазақ әйелдері мәселесінің талқылануы, әйелдердің қоғамдық өмірге белсене араласуы мен олардың арасындағы көшбасшылары туралы нақты мәліметтер келтірілген. Бай, кулактарты тап ретінде жою мен мал-мүлкін тәркілеу, ұжымдастыру мен ашаршылық кезіндегі әйелдер тағдыры, Жаңа экономикалық саясат, өнекәсіптендіру кезіндегі ауыр жұмыстарға әйелдердің тартылуы және саяси қуғын-сүргіннің Қазақстандағы әйелдер тағдырына тигізген зардаптары диссертацияда архив деректері арқылы шынайы баяндалған. «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века)» - деп аталатын жинақтық топтаманың, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты кітапханасындағы 1-45 томдарын қарап шыға алғандығы және Мемлекеттік тапсырма аясында жарық көрген: «Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника» деп аталатын 3 томға біріктірілген құжаттар жинағын зерттеу жұмысында пайдалана алғаны диссертанттың осыған дейінгі мемлекеттік 3 гранттық жобаларда орындаушы ретінде жинақтаған тәжірибесінің нәтижесі деп айта аламын.

Сонымен қатар диссертант ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес шетелдік рейтингі жоғары басылымда (Скопус-Q-1. %-89) және отандық рейтингтік журналдарда (4) мақалалар мен гранттық жоба негізінде жарық көрген ұжымдық монографияда 1 тарауша ретінде мақаласын апробациядан өткізген. Ғылыми жетекшінің ескертулері мен ұсыныстарын толық қабылдап, дер кезінде түзетулер енгізіп отырды.

Қорыта келе: «8D02206 –Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша – философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Шашаева Малика Ауезханқызының «XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы» деп аталатын диссертациясын қорғауға жіберуді қолдаймын.

**Отандық ғылыми кеңесші,
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
«Алаш» мәдениет және рухани
даму институтының жетекші
ғылыми қызметкері, PhD докторы**



М.М. Қозыбаева

09.12.2024 ж.

